

Таблица 1. В результате проводимой работы улучшились основные показатели здоровья населения.

Показатели	Процентном соотношений
Общей смертности	7,5%
Младенческой	4,3%
От туберкулеза	13,0%
От злокачественных новообразований	17,0%
От болезней системы кровообращения	29,3%
Средняя продолжительность жизни составляет	68,9 лет

#### Литература

1. Оңтүстік Қазақстан,Хабаршысы 2007басылым журналы.
2. <http://www.zdravkrz.kz/ru/glavnaya/vystupleniya/22-na-strazhe-zdorovya>

**Мағзұмова Л.К., э.ғ.м., оқытушы (ҚарМУ)**  
**Сламхан Б.Ә., Сағнай Б.Ж.,**  
**«Жалпы медицина» мамандығының студенттері (ҚарМУ)**

### **ЖАҒАНДЫҚ ӘЛЕМДЕ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ӨТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

Жасыл экономика – бұл адам өмірінің ұдайы өндірісіне қажетті табиғи негізді бұзбайтын, биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шеңберінде дамитын экономика. Сонымен бірге жасыл экономика халықтың жоғары тұрмыс деңгейі мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланумен сипатталатын экономика болып табылады. Бұл экономикалық модель 21 ғасырдағы елдердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі ретінде танылып отыр. Қазақстан қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін табиғи шикізат қорларын тиімді және рационалды қолдану арқылы тұрғындардың әл-ауқатының артуына жеткізетін табысты экономика. Электр және жылу энергиясының генерациясы, газ өндіру, су ресурстарын пайдалану, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту, өнеркәсіп қалдықтарын басқару мен тұтыну, көлік және жол инфрақұрылымы жасыл экономиканың негізгі секторлары болып саналады. Қоршаған орта бойынша БҰҰ Бағдар-ламасының (UNEP) анықтамасына сәйкес – бұл бір уақытта экологиялық ресурстардың тапшылығы мен қоршаған орта үшін тәуекелдерді төмендетіп, адамдардың ауқаттылығын жақсартатын және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін экономика.

Қазіргі кезде жасыл экономиканы зерттеп жүрген әйгілі экономистер М.Букчин, Дж.Джекобс, Р.Карсон, Э.Ф.Шумахер, Р.Костанца, Л.Маргулис, Д.Кортен, Б.Фаллер, Х.Дэли, С.А.Липина, Д.Медоуз, С.Хоукен, А.Тверски және т.б. қарастырады.

Қазіргі таңда дүниежүзінің көптеген елдері жасыл экономика принципін қабылдаған. Осы мемлекеттердің экономикалық даму саясаты өнеркәсіптік өндіріс өсімін оңтайландыруға және қоршаған ортаға үнемді көзқарасқа негізделеді. 2013 жылдың 1 маусымында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Қазақстан Республикасы «**жасыл экономикаға**» өту Тұжырымдамасы жөніндегі Жарлыққа қол қойды.

Жасыл экономика ғаламдық пайда болу негізі шамамен 20 жыл төңірегінде жаһандық өркениетте пайда болды. Жасыл экономиканы қолдап ат салысқан және өз даму жоспарларына қосқан мемлекеттер: Қытай, Коста-Рика, Ботсвана, Бразилия, Эфиопия, Гана, Индонезия, Жапония, Кения, Тайланд, Непал, Нигерия, Филиппин, Ресей, Оңтүстік Африка және АҚШ.

Кесте 1. Жасыл экономикаға мәселелері

Өзекті мәселелер	Шешу жолдары
Энергия генерациясы	Жел, күн және биожағар - жанармай
Су және ағын сулар	Суды тазарту, суды күзету, ағын суларды тазарту
Материалдар	Нано, био
Өндіріс/өнеркәсіп	Жетілдірілген қорап, ақылды өндіріс, мониторинг
Ауыл шаруашылығы	Табиғи пестицидтер, жер ресурстарын басқару, аква-мәдениет
Қалдықтар	Қайта өңдеу, қалдықтарды басқару
Құрылыс	«Жасыл құрылыс»

Жасыл экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді: ішкі жалпы өнімнің өсімі; елдің табыстарын ұлғайту; елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру; «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді.

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды:

1. Ауыл шаруашылығы;
2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;
3. Энергетика;
4. Балық аулау;
5. Орман шаруашылығы;
6. Өнеркәсіп;
7. Туризм;
8. Көлік;
9. Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу;
10. Су қорларын басқару.


Қазақстандағы 2050 жылға дейінгі секторалдық және ресурстық ұзақ мерзімді индикаторлардың көпшілігіне қатысты алда тұрған мақсаттар мейлінше жоғары, сондықтан олардың басым бөлігі Тұжырымдаманы әзірлеу кезінде ескерілді, уақыт шегі жағынан неғұрлым таяу көрсеткіштер бөлігінде жетіспейтін көрсеткіштер пысықталды, атап айтқанда (1-сурет):

Кесте 2. «Жасыл» экономиканың мақсаттары мен нысаналы индикаторлары


Сектор	Мақсаттың сипаты	2020 ж.	2030 ж	2050 ж.
1	2	3	4	5
Су ресурстары	Су ресурстары тапшылығын ұлттық деңгейде жою	Халықты сумен қамтамасыз ету	Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету (2040 жылға қарай)	Сумен қамту проблемасын біржола шешу
	Су ресурстары тапшылығын бассейндер деңгейінде жою	Жалпы бассейндер бойынша барынша жылдам тапшылықты жабу (2025 жылға қарай)	Әрбір бассейн бойынша тапшылықтың болмауы	

1	2	3	4	5
Ауыл шаруашылығы	Ауыл шаруашылығын дағы еңбек өнімділігі	3 есе ұлғаюы		
	Бидайдың шығымдылығы (т/га)	1,4	2,0	
	Суғаруға жұмсалатын су шығындары (м <sup>3</sup> /т)	450	330	
Энергия тиімділігі	2008 жылғы деңгейден ЖІӨ-нің энергия қажетсінуді төмендету	25% (2015 жылға қарай 10%)	30%	50%
Электр энергетикасы	Электр энергиясын өндірудегі баламалы кездердің 1 үлесі	Күн және жел: 2020 жылға қарай 3% кем емес	30%	50%
	Электр энергияны өндірудегі газ электр станцияларының үлесі	20%	25% 2	30%
	Өңірлерді газдандыру	Ақмола және Қарағанды облыстары	Солтүстік және Шығыс облыстар	
	Электр энергетикадағы көмірқышқыл шығарындыларының ағымдағы деңгейіне қатысты азайту	2012 жылғы деңгей	-15%	-40%
Ауаның ластануы	Қоршаған ортаға күкірт және азот оксидінің шығарындылары		Шығарындылардың еуропалық деңгейі	
Қалдықтарды кәдеге жарату	Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарумен халықты қамту		100%	
	Қоқысты санитарлық сақтау		95%	
	Өңделген қалдықтар үлесі		40%	50%

**Диаграмма 1 Ауыл шаруашылығы**



**Диаграмма 2 Энергия және қалдықтарды қайта жаңғарту**



«Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама Қазақстан Республикасы Конституциясының, Стратегия - 2050, «Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы стратегиясының» және Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының ережелеріне сәйкес іске асырылады. «Жасыл экономикаға» көшуді іске асыру мәселелері «жасыл экономикаға» көшу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттелетін болады. Секторлар бойынша Тұжырымдаманың нақты міндеттерін

іске асырудың құралдары ауа сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару, құрғақшылыққа, жердің тозуына қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын арттыру, балық шаруашылығын, аквадақылдарды дамыту мен балық ресурстарын молықтыру сияқты мәселелерге жаңа екпін түсірілетін және түзетілетін «Агробизнес – 2020» Қазақстан Республикасында агорөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, аумақтарды дамыту бағдарламалары, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы мен басқа да салалық бағдарламалар сияқты, 51 Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ескерілетін қолданыстағы бағдарламалық құжаттар болып табылады. Сонымен қатар Су ресурстарын басқару жөніндегі 2014-2040 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жоспарланып отыр.

Н. Назарбаев: «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын».

#### Әдебиеттер

1. Концепция перехода РК к устойчивому развитию на 2007-2024 года. Одобрено Указом Президента РК от 14 ноября 2006 – 15-16.
2. Егемен Қазақстан «Жасыл эконимиканы дамыту» № 231 (28170) 11-қазан 2013 – 4 бет
3. Егемен Қазақстан «Ұлттың ұлылығын ұлықтайтын тұс» № 230 (28169) 10-қазан 2013 – 3 бет
4. Егемен Қазақстан «Болашақ энергиясы» № 39 (28263) 26- ақпан 2014 – 6 б
5. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Жасыл\\_экономика](https://kk.wikipedia.org/wiki/Жасыл_экономика)
6. <http://auliekol.kostanay.gov.kz/kz/zelenaya-ekonomika/>

**Қазбеков Т.Б. э.ғ.к., доцент (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**  
**Мусабекова А.О. э.ғ.м., оқытушы (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**  
**Адыканова А.А. 1 курс (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**  
**Шадет А. 2 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

### **«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫҢ» ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Баламалы қуат көздері мен болашақ энергиясы- уақыт талабы. Бүгін күн тәртібіне «энергетикалық революция» тақырыбы қойылып отыр. Себебі, қазір дүние жүзін осы мәселе толғандыруда. Энергетикалық революция дәстүрлі қуат көздерінен бас тарта отырып, кун, жел, су, сияқты баламалы қуат көздерінің күшін игілікке айналдыруды көздейді. Әлемнің алдыңғы қатарлы инвесторлары баламалы қуат көздерін болашақ индустриясы ретінде қарастыруда. 2015 жылы жел электр стансалары адамзат тарихында тұңғыш рет атом электр стансаларынан басым түсті. Мысалы, Данияда пайдаланылатын қуат көзінің 40 пайызы жел электр стансаларынан алынады. 2050 жылға қарай бұл ел өзін дәстүрлі қуат көзіне тәуелділіктен босатып алмақшы. Жел электр стансалары қазірдің өзінде жер бетіндегі ең арзан электр қуатын пайдалану мүмкіндігін беріп отыр. Қытайда